Гүлмира МҰХАМЕДЖАНОВА:

“ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМ ТІЛІНЕ АЙНАЛУҒА ӘЛЕУЕТІ ЖЕТЕДІ”

»5

Гүлмира МҰХАМЕДЖАНОВА:

“ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМ ТІЛІНЕ АЙНАЛУҒА ӘЛЕУЕТІ ЖЕТЕДІ”

(Басы 1-бетте).

– Гүлмира Тастемірқызы, көзді ашып-жұмғанша қыркүйектің алғашқы апталары да өте шықты. Биылғы оқу жылын қандай өзгерістермен бастап отырсыздар?

– 2024-2025 оқу жылында “қазақ тілі мен әдебиеті” білім беру бағдарламасы бойынша дуалды оқытуды қолға ала бастадық. Бұл дегеніміз колледжді тамамдаған студенттер бірден университеттің үшінші курсына оқуға қабылданып, әрі өз мамандығы бойынша жұмыс істей береді деген сөз. Жоғары білім алғысы келетін колледж түлектері университетке әңгімелесуден өту арқылы қабылданады. Кейін өңір мектептерінде жұмыс істеп, бізден теориялық білім, жұмыстан тәжірибе жинайды. Мұны орта арнаулы білімі бар жастар үшін таптырмас мүмкіндік деп санаймын.

Ал университет туралы айтар болсам, алда Аризона университетімен бірлескен серіктестікті нығайту мақсаты тұр. Жаңадан ашылған білім беру бағдарламаларының ішінде инклюзия бар. Бүгінде бұл салада кадр тапшылығы салдарынан инклюзивті оқыту артта қалып отыр. Университетімізде аталған сала бойынша маман даярлау инклюзивті қоғам құруға оң әсер етеді деп ойлаймын.

– Сіздің Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторантурасын тамамдағаныңызды білеміз. Ғылыми дәреже алу үшін қай тақырыпты зерттеп, нендей жаңашылықтар аштыңыз?

– Мен еңбек өтілімді 2006 жылы жергілікті университетте бастадым. Шешендік сөздер морфологиясына арналған магистрлік диссертациямды белгілі ғалым Мырзатай Сергалиевтың жетекшілігімен қорғадым. 2013 жылы барлық іріктеу сатысынан өтіп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша докторантураға оқуға қабылдандым. Жетекшім, қазақ тілінің зерттеушісі – Айман Алдашевамен ойымыз бір жерден шығып “Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі” тақырыбында зерттеу жүргіздім. Бұл тақырыпқа тоқтауыма мектеп оқушыларының оқу барысында біздің ұлттық мәдениетімізге тән қазақтың байырғы төл сөздерін түсіне бермейтіні себеп болды. Жалпы лингвомәдениеттану ұлттың мәдениеті мен тілінің байланысын, мәдениеттің тілде көрініс табуын зерттейтін тіл білімінің саласы. Мәселен, “асығы алшысынан түсті” деген тіркесті түсіну үшін адам қазақтың асық ойынынан хабардар болуы керек. Қазақта “ашаршылықтың ащы шеңгеліндей” деген тіркес бар. Мұндағы шеңгел дегеніміз бүркіттің соңғы тырнағы. Аңға түскенде құс шеңгелін ұстаған аңына қатты батырады екен. Тілдегі осындай ерекшеліктерді білу оқушыға оқу материалын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Сабақ кезінде тіл арқылы мәдениетті, мәдениет арқылы тілді оқытуға болады. Мен зерттеу аясында осының жолдарын қарастырдым.

– Қазіргі тіл білімінде жаңа көзқарастар орнығып, батыл қадамдар жасалып жатқанына куә болып отырмыз. Тілге тек қарым-қатынас құралы деп қарайтын бұрынғы таптаурын түсінік ескірген сияқты. Заманауи ғылымның көкжиегі қай бағытта кеңейіп келеді?

– Соңғы бірнеше ғасырда тіл білімі үш парадигма бойынша дамыды. Бүгінгі ғылымда антропоцентристік парадигма өзекті. Мұндағы “антропо” – адам. Өткен ғасырдың ортасынан бүгінгі күнге дейін зерттеушілер тілдің жеке құрылымын, басқа тілдермен байланысынан гөрі оның адаммен арақатынасын зерттеуге басымдық беріп келеді. Яғни тіл тек коммуникация құралы емес, адам болмысының айнасы ретінде қарастырылады. Тіл арқылы адамның бар болмысын, дүниетанымын, мәдениетін тіпті жүйке жүйесін де сипаттауға болады. Осының әсерінен лингвистиканың әлеуметтану, мәдениеттану, психологиямен байланысты жаңа салалары қалыптасып, дамып келеді. Алайда қазіргі тіл білімінің бағытына сыни көзқарастағы ғалымдар да бар. Өзім бұл сала қарқынды дамып жатыр деп санаймын. Болашақта ғылым жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін.

– Дін өкілдерінің “қазақ тіліндегі сөздердің басым бөлігі басқа тілдерден енген” деген пікірі қоғамның қызу талқысына түсіп, халықтың наразылығын тудырды. Онсыз да тіл мәселесі күн тәртібінен түспей тұрған уақытта бұл да отқа май құйғандай болған жоқ па?

– Өкінішке қарай ғылымнан тыс адамдар ешқандай салмақты зерттеу, пайымдаусыз өз пікірін ашық айта беретін болды ғой. Бұл ретте өз мойнындағы жауапкершілікті сезінбейді. Сөздік қорымыздың 70 пайызы арабтан енген деген қорытынды шығару үшін бұрынғы жинақтарды, кешегі қазақ тілінің 15 томдық сөздігін алып, ондағы барлық сөздердің этимологиясын талдап, жүйелі зерттеу жүргізу керек. Ғалымдардың қазақ тілтанымы туралы еңбектерінің ешқайсысында мұндай дерек жоқ. Керісінше қазақ тілінің әлемдегі сөздік қоры бай 6 мемлекет тілінің қатарына енгені дәлелденген. Бұл – баяғыда зерттеліп, нүктесі қойылып, ғылыми қауымдастықта шешімін тапқан сұрақ. Мәдени байланыстар болғандықтан, тілде кірме сөздердің болуы заңдылық. Алайда оның үлесі анау айтқандай көп емес. Сол сияқты басқа тілдерге енген қазақ сөздері баршылық.

– Қазақ тілі ғылым тіліне айналсын деген бастама көтеріліп келе жатқалы көп болды. Алайда әлі күнге тіліміздің нақты және техникалық ғылымдар саласында кең қолданылуына әлеуеті жетпейді дейтіндер бар. Сіз келісесіз бе?

– Тіліміздің барлық ғылым саласындағы өзгерістерді сипаттауға мүмкіндігі бар. Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуға әлеуеті жетеді. Алайда осы бағытта жүргізілуі тиіс жұмыстар кешеуілдеп қалды. Нақты ғылымдардың беті енді бері қарап келе жатқандай көрінеді. Менінше, біздегі аудармада да мәселе бар сияқты. Әлемде қандай ғылыми жаңалық ашылса да, оның атауы бірден қазақшаға аударылып отыруы керек. Елде мұнымен айналысатын арнайы мекеме бар. Мысалы қытай тілінде аударылмайтын сөз жоқ екен. Кез келген нәрсенің атауын қытайша сөйлетуге болады. Сонда тілдің ғылымдағы үлесі артады. Біз қазақ тілінің жанашыры болуымыз керек. Осы ойды студенттеріме үнемі айтып келемін. Тілге деген сұраныс тудыруды әр адам өзінен бастауы керек. Қай жерде болсын мемлекеттік тілде қызмет сұрау қажет.

– Күні кеше Түркі академиясы бауырлас елдерге ортақ латын әліпбиінің негізін бекітті. Алайда жаңа әліпбиге көшуге қарсы қауымның да айтар уәжі бар. Сіздіңше латын графикасына көшудің қандай қажеттілігі бар?

– Кеңестік кезеңнен қалған масылдық санадан арылмағандарды күнде кездестіреміз. Жаңағыдай қорқыныштар біздің өткенге қарайлап, жаңа заманға бейімделе алмағаныздан туып отыр. Латын графикасын өткен ғасырда да қолдандық. Қарапайым адамдарға біліне бермеуі мүмкін, алайда қазіргі әліпбиде қазақтың төл дыбыстарын, ерекше белгілерін жазуда қиындықтар бар. Ал латын әліпбиі табиғатымызға жақын. Көбі бұл өзгеріс тілге әсер ете ме деп ойлайды. Бірақ латын графикасының біздің жазуымызды жүйелегені болсама, бұрынғысы жобаны жүзеге асыру үшін жұмсалды. Менің тобымда 5 ғалым жұмыс істеді. Грант есебінен олардың жалақысына үстеме төленіп отырды. Зерттеу жұмысына шетелдік ғалымдар жұмылдырылды. Ғалымдар тобы Түркиядағы Гази университетінде тағылымдамадан өтті. Гранттық қаржыландыруға бөлінген ақша толық игерілді.

– Отандық зерттеушілер үшін шетелде тәжірибе жинаудың қандай мүмкіндіктері бар?

– “Болашақ” халықаралық бағдарламалар орталығы жыл сайын 500 ғалымды шетелге ғылыми тағылымдамаға жіберу бағдарламасын жүзеге асырып келеді. Жолдама тек барлық талапқа сай келіп, тестілеуден жоғары нәтиже көрсеткен, өз әлеуетін көрсете білген, шет тілін жоғары деңгейде білетін қатысушыларға ғана беріледі. Мен АҚШ-тың Вашингтон қаласындағы Джордж Вашингтон университетінде 9 айлық ғылыми тағылымдамадан өттім. Онда зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеру, сондағы оқытушылардың жұмыстарымен танысу, онлайн курс өткізу жолдарын үйрену үшін бардым. Оқу жоспарына сай сол университеттегі төрт курсты сәтті аяқтап шықтым. Соның ішінде дизайн курсының берері мол. Бүгінгі оқытушылар сабақты жоспарлау, өткізудің заманауи жолдарын білуі керек. Шетелде өз саласында курс дайындап, сол арқылы қаржы табатын ғалымдар көп. Жуырда мен де академиялық жазылым негіздері туралы курс әзірлеуді қолға алдым.

АҚШ-қа үй-ішімізбен бірге бардық. Балаларым сондағы ағылшын тіліндегі мектепте білім алды. Америкада зерттеушілер үшін жасалған жағдайды көріп таңғалдық. Оқу орнының әр аудиториясы керек-жарақтың бәрімен жабдықталған. АҚШ астанасындағы 5 қабатты үлкен кітапханада жұмыс істедік. Онда да ізденемін деген адамға қажетті нәрсенің бәрі бар. Шетелде көргенбілгенімді өңірде іске асырып, отандық ғылымның дамуына үлес қосқым келеді.

– Ғылыммен айнасатын адамның күні бойы кітапханада отырмайтыны белгілі. Оның сыртында оқытушылық, құжаттама, ғылыми басылымдарға мақала жазу, түрлі жобаларға жетекшілік ету бар. Осының бәріне қалай үлгеріп жүрсіз?

– Бүгінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарудамын. Басшылық қызметтегі адам сол лауазымға қай жағынан болсын лайық болуы керек. Кафедра жұмысының ілгерілеуіне, оқытушылардың кәсіби деңгейінің өсуіне жауаптымын. Бұдан бөлек сабақ беріп, жобаларға жетекшілік етемін. Халықаралық басылымдарға да материал дайындауым керек. Кейде отбасыма да уақыт таба алмайтын кездер болады.

Күндізгі уақыт күнделікті жұмыстарға кетіп қалады. Қалған нәрсенің бәрін түнде атқаруға тура келеді. Түннің бір уағына дейін көз майымды тауысып, қағазға шұқшиып отыратын кездерім көп. Ғылым күн сайын алға адымдап келеді. Кешегі жаңалық бүгіннің талабына сай келмеуі мүмкін. Сондықтан да ғалым адам әлемдегі үдерістерге сергек қарап, өзгерістерге тез бейімделіп, заман көшінің алдында жүруі керек.

– Ашық әңгімеңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Диас АЯҒАН,
“Soltüstik Qazaqstan”.
Суретті түсірген
Шыңғысхан БЕКМҰРАТ.

«Оймақтай ой

Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуға әлеуеті жетеді. Алайда осы бағытта жүргізілуі тиіс жұмыстар кешеуілдеп қалды. Нақты ғылымдардың беті енді бері қарап келе жатқандай көрінеді. Менінше, біздегі аудармада да мәселе бар сияқты. Әлемде қандай ғылыми жаңалық ашылса да, оның атауы бірден қазақшаға аударылып отыруы керек. Елде мұнымен айналысатын арнайы мекеме бар. Мысалы қытай тілінде аударылмайтын сөз жоқ екен. Кез келген нәрсенің атауын қытайша сөйлетуге болады. Сонда тілдің ғылымдағы үлесі артады. Біз қазақ тілінің жанашыры болуымыз керек. Осы ойды студенттеріме үнемі айтып келемін. Тілге деген сұраныс тудыруды әр адам өзінен бастауы керек. Қай жерде болсын мемлекеттік тілде қызмет сұрау қажет.

Өмірдерек

Туған жылы: 1982 жылғы 13 қаңтар.
Туған жері: Жамбыл ауданы, Майбалық ауылы
Қызметі: М.Қозыбаев атындағы СҚУ қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, PhD.
Марапаттары: “Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл” мерекелік медалінің, “Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін” төсбелгісінің иегері.